

**СЕМИНАРДЫҢ
ТАҚЫРЫБЫ:
«Ата-аналардың
педагогикалық мәдениеті».**



Семинардың мақсаты:

- 1. Ата-аналардың мәдени деңгейін анықтау, педагогикалық мәдениет туралы түсінік беру.
- 2. Ата-аналарда өз балаларымен қарым-қатынас жасау стилі туралы ой қозғау.
- 3. ата-аналарға жадынама ұсыну «Сәтті тәрбие берудің 10 кілті».

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің жоғары деңгейі



1.Ата-аналар тәрбиенің басты мақсатын сезінеді-ол тұлғаның әлеуметтік белсенді қалыптасуы. Ата-аналар отбасында баланың жас ерекшелігіне сай тәрбиенің бағытын таңдап алып сол бағытта тәрбие мазмұнын құрады.


2.Ата-аналар баламен бірлесе отырып әр түрлі әдістерді қолданады, олардың жағымды сапасын тірек ете отырып, баланың өз бетінше әрекет ете алуы мен бастамашылдығына мүмкіндік туғызады. Ата-аналар мадақтау мен жазалау әдістері бірдей қолдана біледі. Баламен қарым-қатынас демократиялық стильде болады, оның пікірі тыңдалады да назарға алынып отырады.

3.Ата-аналар педагогикалық білімін өздігімен көтерумен белсенді айналысады, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді оқиды әрі қолданады, ал қиындық туындаған жағдайда арнайы кәсіби маманға жүгінеді. Ата-аналар баланың қоғамдық өміріне қызығушылық танытады және оған қатысып отырады

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің орташа деңгейі



Счастливая семья
© ТатьянаГ. / Фотобанк Лори



1.Ата-аналар тәрбие жұмысы туралы үстіртін ғана біледі. Олар балада қандай сапаларды қалыптастыру керек екендігін біледі, бірақ оларды жас ерекшелігінің даму кезеңінде дұрыс анықтай алмайды.

2.Отбасында баламен қарым-қатынастың әр түрлі әдістері қолданылады, бірақ сәйкестік дұрыс бола бермейді. Ата-аналар баланың жағымды қасиеттеріне сүйенеді, бірақ оның өкіметінше шешім қабылдауына мән бермейді.

3.Ата-аналар өз білімін көтерумен үнемі айналысып отырмайды. Баланың қоғамдық өміріне жиі қызығушылық таныта бермейді, мектептегі іс-шараларға өз еркімен емес педагогтың өтініші бойынша ғана қатысады, ереже бойынша мамндардан кеңес алмайды, бірақ оларға құлақ асады.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің төмен деңгейі



1. Бала тәрбиесі ата-ана үшін өмірлік маңызы бар міндет болып табылмайды, олар отбасындағы тәрбиенің мақсат, міндетін білмейді. Отбасында әркім өз бетінше өмір сүреді. Ата-аналар тұлғаның қалыптастыруға қажетті нақты сапаларын анықтай алады, бірақ тәрбиелік нақты мақсат пен міндет қоя алмайды.

2. Баламен бірлесіп әрекет ету жолға қойылмаған, авторитарлық әдістер жиі қолданылады (бұйыру, талап қою, жазалау). Ата-аналар белсенділігін, бастамашылдығын басып отырады, немесе шектен тыс еркіндік береді.

3. Ата-аналар педагогикалық білімдерін көтерумен айналыспайды, мамандардың кеңесіне құлақ аспайды, баланың қоғамдық өміріне қызығушылық танытпайды.

Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін анықтауға арналған сауалнама



«Менің педагогикалық мәдениетімнің деңгейі
қандай?»

Қандай білімнің негізінде сіз өз балаңызды тәрбиелейсіз?



- а) телевидение мен радио бағдарламаларын тыңдайсыз (2балла)
- б) ата-аналарға арналған лекцияларға қатысасыз (3балла)
- в) педагогтардың ұсынысы негізінде (4балла)
- г) өмірлік тәжірибені қолданасыз (1балл)


Тәрбиенің қай тәсілін сіз неғұрлым тиімді деп ойлайсыз?

- а) мадақтау (4 балла)
- б) жазалау (1 балл)
- в) талап қою (3 балла)
- г) үйрету (2 балла)



Кешірімнің қай түрін Сіз жиі қолданасыз?

- Сөзбен мадақтау(4балла)
- б)силықтар(1балл)
- в)еркелету(3балла)
- г)баламмен көбірек уақыт өткізу(2балла)



Сіздің көзқарасыңыз бойынша жазаның қай түрі неғұрлым тиімді?

- а) дене жазасы?(1 балл)
- б) сөзбен қорқыту(2балла)
- в) көңіл көтеруге тиым салу(4балла)
- г) Сіздің ренішіңізді көрсетуіңіз(3балла)



«ия»-1 балл

- 1. Сізге балаңыз ұнай ма?
- 2. Балаңыздың сөзін тыңдайсыз ба?
- 3. Бала сөйлеп жатқанда оған қарайсыз ба?
- 4. Сіз баланың айтып жатқан сөзін маңызды сезінуіне жағдай тудырасыз ба?
- 5. Баланың сөзін түзетесіз бе?
- 6. Балаға қателік жасауға мүмкіндік бересіз бе?
- 7. Баланы мақтайсыз ба, оны құшақтайсыз ба?
- 8. Баламен бірге күлесіз бе?
- 9. Әр күнге баламен сойлесуге уақыт бөлесіз бе?

Нәтижелері:

- **16-25 ұпай:** Сіз педагогикалық мідениеттің жоғары деңгейіне иесіз; оны балаңыздың есеюіне қарай жоғалтып алмауға тырысыңыз.
- **8-15 ұпай:** Сіздің педагогикалық мәдениетіңіздің денгейін орташа деп айтуға болады; сіз үшін ең бастысы – жеткен жетістіктерге тоқталып қалмай, өзіңізді жетілдіру жолында алдыға қарай жылжу.
- **4-8 ұпай:** Сізге өіңіздің педагогикалық мәдениет деңгейіңізге мұқият назар аударуыңыз қажет, себебі кәзіргі уақытта ол сізде төменгі деңгейде тұр. Алдыңызда тәрбие үрдісіне деген көзқарасты өзгерту бойынша маңызды мәселелер бар, сонымен қатар қажетті білім жіне дағдылармен қарулануыңыз қажет.

Жаттығу «Аяқталмаған сөйлем»

- Отбасы-бұл.....
- Менің балаларым-бұл
- Менің үйімнің терезесіндегі жарық-бұл.....
- Менің отбасымдағы қуаныш-бұл....
- Менің отбасымдағы қайғы-бұл.....
- Менің отбасымда болмағанын қалар едім

Жаттығу «Менің отбасым гүл бейнесінде»



**Назарларыңызға
рахмет!!!**

